

# Еліме құт болып ен, Ұлу Жылты!

Аялаймын сені, Қызылорда!



## Ақмешіт

23 наурыз  
сенбі

№24 (2034)

2024 жыл

### апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)

## Наурыздың лебі ғаламат!



Отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізетін бағзы дәстүр қазақтан ажырамағанын дәлелі – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі. Жер-Ананың бауыры жібіп, күн күлімдеп көктем келгелі халықтың жүзінде шаттық лебі сезіледі. Үш күн толассыз жауған нәсердің өзі

мейрам күні келгенде сап тыйылды. Қалың бұлттың арасынан жарып шығып, күн сығалады. Бұл да сірә, табиғат пен адамзаттың үндесіп тұрған ғаламат байланысы дерсіз. Ашылғанына көп бола қоймаған Өнер орталығының алдына жиылған жұрттың қарасы

қалың. Сыр өнерпаздарының тетрландырылған қойылымында Алдар көсе де, Тазша бала да, басқа да аңыз-ертегі кейіпкерлері көрермен көңілін аулап, мереке мезіретін сезіндіре түсті.

2-БЕТТЕ

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ САҚТАҒАН АУЫЛ

Наурыз мерекесі қарсаңында қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылына ат басын түрдік.

### АУЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ТҰРҒЫНЫ

Қашанда үлкенді сыйлаған елміз. Осы әдебімізді сақтап, ең әуелі ауылдың ең үлкен тұрғынына сәлем бердік.

Қазақта «қарты бар үйдің қазынасы бар» деп текке айтылмаған. Расында, қариясы бар үйге кіре қалсаңыз, жылулық, береке сезіледі. Осындай берекеге толы үйдің бірінде 94 жастағы Күнәлу Жайсаңбаева әжеміз тұрады. Біз үйге кірген сәтте күннің шуағындай жарқырап, алдымыздан шығып, күлімдей қарсы алды.

– Біздің кезімізде наурыз онша тойлана бермейтін. Кейіннен мән беріле бастады ғой. Біз наурызға дайындалғанда дайын ұлттық киім де жоқ. Қамзол, шапан дегенді өзіміз тігетінбіз. Сосын үйдегі барымызбен наурызкөжемізді пісіретінбіз. Ал қазір бәрі дайын. Ұлттық

киімнің неше түрі бар. Көженің өзіне жеті түрлі дәннен кем емес етіп дайындайды. Шүкіршілік заман ғой.

Өзім бұл шаңыраққа келін болып он сегіз жасымда келдім. Ата мен енем болды. Сегіз баланы дүниеге әкелдім. Шалымыз екеміз білім алмадық. Ол кезде киын-қыстау кез болатын. Бірақ балаларымның бәрін оқыттым. Әрқайсысы өз жолын, өз теңін тапты. Қазір осылардың тілеуін тілеп отырмын, – дейді ақ жаулықты әже.

Кейуананың бүгінде 24 немересі, 40 шөбересі, 3 шөпшегі бар екен.

3-БЕТТЕ



## ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Қызылорда қаласының сол жағалауында үстел теннисі орталығының іргетасы қаланды. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, игі тілегін білдірді.

– Биыл Ұлыстың ұлы күні Наурызнама онкүндігі аясында атап өтілуде. Бұл онкүндік төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастыруға, ең жақсы адами қасиеттерді – қайырымдылықты, адалдык пен мейірімділікті насихаттауға бағытталған. Елдік пен ынтымаққа шақыратын мерекеге Сыр өңірі баянды бастамалар, жақсы жетістіктермен жетті. Наурызнама онкүндігінде 20 наурыз – Ұлттық спорт күні болып белгіленген. Осы атаулы күнге орай құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннисі орталығының іргетасы қалануда. Облыста бұқаралық спортпен шұғылданатындардың үлесі 39 пайызға, яғни, 328 597 адамға жетті.



Халықты бұқаралық спортпен шұғылдануға ынталандыру үшін талапқа сай спорт нысандары қолжетімді болуы керек. Аудандарда 11 денешынықтыру кешені салынды. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай келетін орталық стадион және жабық бассейні бар консалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталады. Осы спорт нысандарында еліміздің көк байрағын әлемдік жарыстарда желбірететін чемпиондарымыз тәрбиелене берсін, – деді облыс әкімі.

Үстел теннисі орталығы құрылысының бас мердігері – «СК Дәнекер», бас жобалаушысы – «Шынар Проект және Компания», техникалық қадағалаушы – «Нұрәлем Құрылыс» ЖШС. Орталық 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Жынында спорт саласының ардагері Жақсыбек Егізбаев Сыр спорттың жетістіктері мен жеңістері көп болуына тілектестігін білдірді.

А.НҰРЛЫБАЙ

Сурет облыс әкімінің баспасөз қызметінен алынды

БҮГІН – ТАЗАРУ КҮНІ!

## ПЕРІШТЕ ҚОНҒАН ҮЙ

Биыл Наурыз мерекесі ерекше тойланды. Наурызнама кестесі бойынша он күн бойы аталып өткен мерекенің түйіні – Тазару күні деп аталыпты. Тазалық демекші, бала күнімізден анамыздың ықпалымен ойымызда тазалық туралы әдемі түсінік қалыптасты. Ауылдағы ошақ сарайда отын-тезек төсек жинағандай тап-тұйнақтай боп қаланып, кесектен соғылған пеш жұмыртқадай аппақ болып тұруы тиіс. Кейде пештің сылағы түсіп, жиектері мүжіле бастаса, анам өзі сылап, қайта әктеп қоятын. Жаздыкүні таңмен таласа тұра қалсақ, тап-тұйнақтай ошақ басы, жанған тезектің иісі, буы бұрқыраған қазан жаныңды жадиратқандай әдемі әсер сыйлайтын. Ауылдың ғажап көрінісі де осы ғой. Ошақ басының тазалығына мән беретін анамын бізді де тазалыққа үйретуінің өз құпиясы болды. «Таза үйге періште қонады, әсіресе ошақтың басы, ыдыс-аяқ таза тұруы тиіс», – дейтін. Анамның ұрыспай-ақ, талап етпей-ақ, осы бір ауыз сөзі бізге ерекше әсер етті. Ойын баласы болсақ та, кешке қарай ошақтың айналасының тазалығын бір тексеріп, су құйылған ыдыстың бетін жабуды ұмытқан жоқпыз. Жаз түнінде даладағы сәкіде жұлдыз санап жатып, «сонда періштелер қалай қонады?» деген сұрақтың жауабын іздеп қиялға берілетінбіз. «Періште айналамыз шашылып жатса, ұшып кете ме, қалай қонады, періште қонған үй қандай болады?» деген секілді сұрағымыз таусылмайды. Мұндайда анам: «Періште қонған үйде береке, тек жақсылық болады, сендер жақсы болсын деп тілейді» деп ертегі айтқандай бояуын қалыңдатып, әсерлі етіп жеткізетін. Ал Айт, Наурыз мерекесі қарсаңында дайындық тіпті қызға түседі. Мұнда да бірінші орында – тазалық. Үйдің іші де, сырты да мұнтаздай болуы тиіс. Себебі белгілі, таза үйге періште қонады. «Періште біздің үйге қонбай кетсе ше?» деген өз ойымыздан өзіміз қорқып, тазалық науқанына білек сыбана үлес қосатын едік. Анамын осы бір сөзі есейген күнде де жадымда сақталып қалды. Мүмкін, бұл ойын баласы – біздерді жұмсау үшін өзінің тамаша әдісі болған шығар. Алайда бала күнімізден ойда қалған осы бір қағида қанша уақыт өтсе де санаңда жаңғырып тұрады екен. «Таза үйге періште қонады» дегенге әлі де бала күнгідей риясыз сенетінім сонша, берекесі тасыған, сүттің ұйыған отбасын көрсем, «періште қонған үй осындай болар» деп ойлаймын.

Жалпы қазақ тазалыққа ерекше мән берген ғой. Ішкен ас, киген киімнен бөлек, жан мен тән тазалығының үйлесуін қалаған. Дінімізде де тазалық мәселесі ерекше айтылады. Ал Наурыз мерекесінің мәні – тазалықта. Ел Ұлыстың ұлы күнінен бастап жаңа жыл келді деп, көктемге әзірлікті тазалықтан бастаған. Есіктің айналасын тазартып, ағаш егіп, көктемді қуанышпен, емен-жарқын көңіл-күймен қарсы алу. Мұның өзі жаңа жылды берекемен, қуана қарсы алу болса керек. Әр қазақтың шаңырағы берекелі болсын!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Әйгерім БЕКҚҰЛИЕВА,  
Облыстық тарихи өлкеден музейінің  
археология және этнография ғылыми зерттеу  
бөлімінің меңгерушісі:

## ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ЕЛ АРАЛАП ІЗДЕП ЖҮРМІН



Сыр елі – ұлттық құндылықтардың мекені. Тамырсыз тасында да шежіре тұнып тұратын аймақтың әрбір түкпірінде сан ғасырлық тарихты бойына сыйдырған жәдігерлер жетерлік. Ұлт мұрасын жинақтап, ұрпақ санасына сіңіріп жүрген музей қызметкері Әйгерім Бекқұлиевамен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

2-БЕТТЕ

## ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ: КҮШ ПЕН ҚАСИЕТ ТОҒЫСҚАН СӘТ

Биыл наурызнаманы атап өтудің жаңа моделі ұсынылғаны белгілі. Тың тұжырым өзгеріс пен жаңаруға негізделіп, рухани құндылықты ұлықтауға мән берілген. Әсіресе, онкүндіктің бір тармағы ұлттық спорт күні деп айшықталуы салт-сананың сан саласын қамтуға жасаған қадам екені сөзсіз. Сыр жұртышылығы да аталған бастамаға қолдау білдіріп, ұлттық спорт күнін атап өтті. Оның ішінде ұлттық спорт түрлерінен қалалық ипподромда өткен жарыстың маңызы жоғары.

4-БЕТТЕ

Өнер орталығының алдына Руханият жылына орай, 20 киіз үй тігілді. Әрбір киіз үйіне арналып қойылған аты бар. Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының киіз үйі «Руханият ауылы» атанса, Қызылорда облысының білім басқармасы мен қалалық білім бөлімі «Ұстаздар ауылының» іргесін қалады. Дәл осындай «Ардагерлер ауылы», «Ақындар ауылы», «Мұнайшылар ауылы», «Денсаулық ауылы», «Ынтымақ ауылы», «Еңбекшілер ауылы», «Кәсіпкерлер ауылы», «Құрылысшылар ауылы», «Мұрагерлер ауылы», «Береке ауылы», «Қаржыгерлер ауылы», «Жастар ауылы» мен «Керуен сарайы» деген атпен тігілген киіз үйлер халыққа қызмет көрсетті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев салтанатты шараға қатысып, әрбір киіз үйдегі ұлттық салт-дәстүр мен жөн-жоралғылардың куәсі болды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірімізде атқарылып жатқан серпінді істеріміз бен өңірдің дамуына оң бағасын берді. Бұл – барша сырбайлықтардың берекелі тірлігі мен бірлігінің жемісі. Дана халқымыз үшін бірлік пен берекенің, ырыс пен ынтымақтың маңызы зор. Тамыры терең, тарихы кенен, Алаштың анасы атанған айбынды Ақмешітте кейінгі жылдары қарқынды бастамалар мен мақсатты жобалар іске асуда. Әрине, мұның ар жағында елдің бірлігі мен берекесі, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла еңбек етуіміз жатыр. Өңірде экономиканың барлық салаларында жоғары өсім бар. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында көшбасшы атандық. Осыдан бір жарым жыл бұрын облыс бюджеті 360 миллиард тенге болса, қазір 650 миллиардқа жетті. Бұл қаражат халқымыздың өмір сүру сапасын жақсартуға, елдегі ең өзекті деген мәселелерді шешуге бағытталуда. Сол жағалаудан да елге қызмет етер көптеген нысан бой көтеруде. Соның бірі ретінде таяуда жаңа автовокзалды пайдалануға бермекізді. Құрметті ағайындар! Ұлыстың ұлы күні мол болсын! – деді облыс әкімі құттықтау сөзінде.

Қазақтың ұлттық құндылықтары паш етіліп, көрініс тапқан мерекеде «Өнер орталығы» ғимаратының алдында «Руханият ауылы» деп айдар тағылған 3 киіз үйі жанынан «Руханият жылына» арналған қойылған қойылды. Ал «Ұстаздар ауылында» 100 бала Наурыз мейрамының дәстүрлі әуені саналатын Жарапазанды айтып қонақтарды күтіп алып тұр. «Ардагерлер ауылында» ата-әжелер ансамблінің орындауында халық әндері, Наурыз батасы көрініс тапса, «Ақындар ауылында» тігілген киіз үйлердің әрбірінде осындай ұлттық дәстүрді ұлықтаған жиындар өтіп жатты. Халықтың қуанышында шек жоқ.

– Бұл күн – қазақтың салты мен дәстүрі, жөн-жоралғысы ұлықталатын күн. Біз, «Кәсіпкерлер ауылы» кыз ұзату тойын өткіздік. «Сыңсу» айтқан бойжеткенді көрген жұртшылық тойға келгендей әсерде болды. Бізде мұнан бөлек, спорттық сайыстар да өтуде. Білектің күшін сыңға салып, бір тасын көтеріп, күлкіресте сыналуға ынтыла сайыпқырандар жетерлік. Өзіміз де ерекше әсердеміз. Бұл тек Наурызда

# Наурыздың лебі ғаламат!



ғана емес, жыл он екі ай күн тәртібімізде болатындай керемет іс-шаралар. Мәселен, ұлттық киімді қазір біз тек наурыз мерекесінде ғана емес, күнделікті киюді дағдыға айналдырдық. Қазақы калпымыздан айнымайық, – дейді Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыдықов.

Бірі-бірінен асып түсіп, ұлттық болмысымызды айшықтап жатқан ағайынның арасында «Ынтымақ ауылы» да бар. Айта кетейік, дәл осы күні «Ынтымақ» әжелер ансамблі құрылды. «Достық үйі» жанындағы

этномәдени бірлестік мүшелерінен құралған ұжымның тұсауын «Сыр елі» әнімен кесті. Оған қоса, қоғамдық келісім мекемесі құрған шаңырақ төрінде Сырдың сары қызы Ангелина Белоусова қазақтың қоңыр үнді үкілі домбырасына күмбірлете күй төкті.

– Музыкалық мектепте оқнымын. Осы ерекше аспапты сонда үйрендім. Бұрын-соңды алыстан көргенім болмаса, қолға ұстамадым. Қазір қасиеті ерекше екенін сезіндім. Жатқа орындайтын бірнеше күй бар. Ал қалғандарын нота арқылы орындап жүрмін. Домбыра тартқандағы сезімді сөзбен айтып жеткізу қиын, – дейді Сырда туған сары қыз Ангелина.

Аспанында ән әуелеп, күй төгілген, мың бұрала би билеген Ақмешіттің орталығында дүбірлі думан өз жалғасын өнерпаздардың шашуымен жалғаса түсті. «Әз Наурыз – берекенің ақ бесігі» атты арнайы дайындалған театрландырылған қойылым да жұртшылықтың жүрегіне жол тапты. Р.Бұрабайдың «Сыр ордасы» шығармасын орындаған «Сырлы саз» халықтық фольклорлық этно ансамблі, Шыңберген Сүлейменовтің «Сыр елім» әнін орындаған ҚР еңбек сіңірген әртісі Күләш Қалымбетова, қазақ эстрадасының жұлдызды жұбы Жанболат пен Жазира, қазақ эстрадасының жұлдызы, дәстүрлі әнші Айгүл Қосанованың керемет өнері мен Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасы мерекелік концерт-күйді көтере түсті. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін осында мерекелік іс-шараны тамашалап жүр.

– Наурыз мерекесі өте жоғары деңгейде өтуде. Мен тәттеммен бірге ауылдан келіп, тамашалап жүрмін. Маған ұнады. Мұнда өтетін Наурыз мерекесі, балалар мейрамы, қала күніне арналған әрбір концертке келіп тұрамын. Өзім де ән шырқаймын, мектебimde ән саламын, би билеймін. Болашақта осындай үлкен сахналарда өнер көрсеткім келеді, – дейді Айбике Серікқызы.

**Құрманкүл ЕРІМБЕТОВА,**  
«Туған жер» қауымдастығының өкілі:  
– Көптен күткен Наурыз мерекесі мол қуанышын ала келсін. Бүгінгі мерекелік шараға жиналған халықтың жүзі қуаныштан бал-бұл жанады. Биыл он күн бойы тойланған мереке біз үшін маңызын арттыра түсті. Алдағы уақытта да ұлттық құндылығымызға мән беретін ұлттық ұстанымдар арта түседі деп сенемін. Наурыз мерекесі құтты болсын, ел аман, жұрт тыныш болғай!



**Болат БОРАНБАЙ,**  
Қорқыт ата атындағы ҚМУ оқытушысы:  
– Нұрлыбек Сафин деген қаламгер бар. Сол кісі «менде екі-ақ мейрам бар, бірі – наурыз, екіншісі – тәуелсіздік» дейді. Бізде де солай. Ең маңызды екі мерекеміз бар. Көпшілік Наурызда бізге тәуелсіздік әкелді деп жатады ғой. Ауылдарда Наурыз мерекесі үзілген жоқ. Сондықтан бұл мереке қазақпен бірге жасасып келеді. Әрбір шаңыраққа қуаныш пен бақыт, береке мен байлық әкелсін! Мереке құтты болсын!

Әдетте қарапайым көшелердің бірі, бірақ осы күні Өнер орталығының маңайында иін тірескен жұртшылықтың арасында ине шаншар орын жоқ. Ұлттық болмысын ерекше ардақтап, биік қоятын сырбайлық ағайынның бойындағы ұлтқа деген, елге деген ынты-ықпалы мен махаббатын мерекенің өзі айқындап тұрғандай.

Басыннан бақ кетпесін, Сыр елі!  
**Дәулет ҚЫРДАН**  
Суреттерді түсірген  
**Нұрболат НҮРЖАУБАЙ**

**Әйгерім БЕКҚҮЛНОВА,**  
Қызылорда облыстық тарихи өлке тану музейінің археология және этнография ғылыми зерттеу бөлімінің меңгерушісі:

## ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ЕЛ АРАЛАП ІЗДЕП ЖҮРМІН

– Өңіріміздің әлқиссасын музей ұғымынан бастасак...  
**Өзі қайдан, қалай шыққан сөз?**

– Музей грек тілінен аударғанда «муза сарайы» деген мағынаны білдіреді. Өнер адамдарының іздейтін музасы музейде жатыр. Музей алғаш пайда болған Грецияда арнайы үлкен зал болған. Халық сол залда жиналып, өздерінің өнерін көрсететін болған. Бірі ән шырқайды, бірі өлең оқиды. Кейін сол залда бір орын пайда болады. Сол орынға халық үйіндегі көне дүниелерін әкеліп қоя бастайды. Заттар жиналып, қоймаға айналған кезде оны ашып, келген халыққа көрсететін экспозициялық құрылым жасайды. Оны таныстыратын экскурсовод қажет болады. Орталарынан оны баяндайтын адам сайлайды. Осылай музей құрыла бастайды. Бүгін де музей – тарихи экспонаттарды, жәдігерлерді сақтайтын ғана орын емес, түрлі іс-шаралар өткізетін де мәдени мекеме.

– **Үнемі ел аралап жүресің. Жәдігерлерді ел аралап, үйді-үйге соғып, ұлт мұрасының қорын толтырып жүрген еңбегіңіз көзі қарақты оқырманға таныс. Осы экспедиция туралы айтаңыз...**

– «Сыр өңірі бойынша далалық экспедиция және империкалық зерттеулер» атты музей экспедициясы ұйымдастырылып келе жатқанына 5 жыл болды. Музейдің мүмкіндігі бойынша ауыл-ауылды аралап, халықтың қолындағы жәдігерлерді жинап жүрміз. Негізгі миссия – өңірдің тарихын баяндайтын, халықтың тұрмыс-тіршілігінен мәлімет беретін жәдігерлер жинақтау және ұмыт қалып бара жатқан халық ауыз әдебиеті туындыларын жинау. Бір қызығы, ел аралап жүріп, ұсталардың дүкендері болғанын біліп, бағытымыз күрт өзгерді. Биыл «Сыр өңірі – ұсталар ұстаханасы» атты бөлек экспедиция ұйымдастыруды жөн көрдік. Өйткені Сыр өңірінде ұсталар көп. Бұл тақырып мен үшін өте қызық. Халықтың ұсталарға деген құрметі ерекше, олардың дүкендері болмаса да, орнын қоршап, әлі күнге дейін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыр.

– **Ұсталар туралы арнайы тақырып бөліп, жеке-дара қарастырып көріңіз бе?**

– Өзім өте қатты қызыққан осы тақырыпқа кейін арнайы бет бұрдым. Экспедиция тақырыбы жалпыдан жалқыға өтті. Ұсталар тақырыбына ауысып кеттік. Ұстаның ұстаханасын дүкен деп атағаны, дүкен сөзінің тарихы ұстаханада жатқаны біз үшін өте қызықты болды. Мені ұсталардың қызықтырғаны,

ұста тек ұста болмаған, ол міндетті түрде сынықшы, емші, бақсы, көріпкел болған. Осы емшілік қызмет ұсталықпен қатар жүрген. Зерттей келе сол емшіліктің өтпін тікелей байланысты екенін түсіндім. Колонер шеберлері көп: етікші де, кілем тоқушы, ши тоқушы, киіз басушы, ағаш ұстасы да бар. Емшілік қасиет олардың бірде біреуінде жоқ, тек темірден түйін түйіп, өтпін жұмыс істейтін ұстада ғана болады екен. Оттың киелі культ екенін түсіндім. Оттың қасиеті ерекше екенін сезіндім. Отпен байланыстыра отырып, ұсталарды зерттеуді қолға алдым.

– **Экспедиция барысында табылған жәдігерлерге байланысты айтып өтсеңіз...**

– Гасырлық тарихы бар бесік табылды. Одан бөлек, дәрі үгіткіш немесе тағы біреулер насайып өзетін құрылғы дейді, сол біздің назарымызға ілікті. Түрлі елеуші, жылдар бойы сарайда жатқан сандық, келі, келсап, күбі, піспек, дірмен де табылып, музей қорына тапсырылды. Әрбір киіз өз тарихы бар. Үш әженің қолынан өткен келі де біздің қолымызға түсті. Зерттеген сайын тың тақырыптар табылуда. Этнографиялық жәдігерлерді жинақтауда шеберлердің жасаған асыл дүниелерін көрдік. Ал экспедицияның мақсатына сай сол шеберлердің құрал-саймандарымен таныстық. Көздің майын тауысатын зергерлердің білезік, сырғаларын, әшекей бұйымдарын көріп



қызыққанымызбен, оның артындағы орасан зор еңбекті, қандай саймандармен жасағанын біле бермейміз. Біз сол құрал-саймандарды жинақтап жатырмыз. Көбісі сақталмаған, бірақ мүмкіндігінше қарап жатырмыз. Мысалы, Қазалы ауданының Бекарыстан би ауылында Файзулла Тілеуқұлды деген ұста болған. Базарқожаның ұрпағы. Әшекей бұйымдарды жасайтын қалыпты өзі істеген. Әкесінен ұсталық дарыған ұлы Мейірімхан музей қорына әкесінің құрал-саймандарын үлкен құрметпен табыс етті. Ұсталардың құрал-саймандарына тіл бітсе, талай сырды ақтарар елі-ау...

– **Сұхбат барысында сіздің мамандығыңызды ерекше жақсы көретініңізді, әрбір ісіңізді жан-тәніңізбен берізі мүкіят орындайтыныңызды байқап отырмын. Негізі бітірген мамандығыңыз осы салаға жата ма?**

– Мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Оқу бітіріп, жұмыс іздеген сәтінде музейден экскурсовод қызметі бұйырды. Осылай үш ай экскурсовод болдым, одан кейін ғылыми қызметкер болып еңбек еттім. Өзіме әсер еткен қызықты мағлұматтарды «көрген-баққаның музей болса» деген хәштегпен әлеуметтік желіде де жариялаймын. Білесіз бе, менде қазір үлкен бір мақат бар. Ол – музей

қызметкерлерінің мәртебесін көтеру. Жұмысынан шаршаған таныстарым «музейде жұмыс бар ма? Оңай жерге ауысқым деп едім» деп жатады. Осы сөз менің жанымға батады. Музей ісін оңай көреді. 2020 жылы «Асыл мұра» деген бағдарлама ашып, музей қорындағы жәдігерлерді музей қызметкерлерінің өзі таныстыратынын айтып, басты талапқа айналдырдым. Бұл жоба Қазақстан музейлерінің арасында өтетін дәстүрлі фестивальде «Үздік музейлік жоба» номинациясын жеңіп алды. Биылдан бастап облыстық «Қызылорда» телеарнасында «Жәдігер баян» деген жобамыз жарық көруде. Жобала музей қорына жанадан түсіп жатқан жәдігерлерді музей қызметкерлері таныстырады. Әсіресе жеті ауданның қызметкерлеріне біраз мүмкіндік беріп отырмыз. Мұның барлығының ар жағында музей қызметкерлерінің мәртебесін көтеру мақсаты тұр.

– **Халықты музейге тартуға қандай қадам жасалуда?**  
– Әлемдік тенденцияда музейдің үш түрі қалыптасып келеді. Алғашқы топты дәстүрлі музей деп аласақ, екіншісі – заманауи бағытта. Үшіншісі – аралас музей. Қызылорда облыстық тарихи өлке тану музейі үшінші бағытқа жатады. Бүгінгі қоғам дәстүрлі музейден заманауи музейге жайлап көшуде. Біз дәстүрлі музей құрылымдарын заманауи музейге бағыттап, сенсорлық киосктер, лед экрандар, аудиогидтер пайдаланамыз. Сол себепті аралас музей құрылымына жатады. Музей экспонаттары да уақытпен үйлесе отырып, жаңарып келеді. Мәніне, эконат емес, сол эконат арқылы экскурсантқа берілетін сезім маңызды. Мұны өзіміздің тәжірибемде жиі пайдаланамын. Мәселен, монолог емес, диалогқа негіздеймін, эконатқа арнап өлең шығарамыз. Халыққа жәдігерлерді айтып көрсету мен қолмен ұстатып, ұғындыру екі бөлек нәрсе. Сондықтан біз қолмен ұстауға болатын жәдігерлерді қайта жаңғыртудамыз. Мәселен, музей қорында сақталмаған, бірақ ата-бабамыз тұтыған бір затты ел аузынан суретін сөзбен салдырып алып, оны қайта жасатып шығардық. Әрине, мұның артында үлкен қаражат тұр. Сол мәселені шешіп берген музей басшысы Сапар Көзеебаева алғысымыз зор. Мысалы, бұл қатарда жастық ағашы, неке кесесі, кір шомбал, шаш қап, малышлар пайдаланған тұяқ тақа, шокпардың бір түрі бос мойын қайта жаңғырды. Тұсаукесер әшекейі ерте кезде көп қолданылған. Осындай дүниелер арқылы біз музей қорын толықтырдық.

– **Сұхбатыңызға рахмет.**  
Әңгімелескен **Аян СПАНДИЯР**

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ САҚТАҒАН АУЫЛ



## САМАУРЫННЫҢ ШАЙЫ...

Ауылға барсақ самаурын табудың өзі қиын. Ілуде біреу болмаса... Ал ақ кімешек киген ауыл тұрғыны Гүлзат Тілесованың үйінде самаурын да, диірмен де, күбі де бар екен. Ол ауылда кітапханашы болып жұмыс істейді. Оған қоса, қазақтың ұлттық құндылығын ұмытпаған, шаңырағында отбасы берекесін сақтаған отанасы. Тағы бір атап айтарлығы, Гүлзат ана әлі де самаурын кайнатып, қиға нан жабады. Анда-санда диірмен тартып, күбі піседі.

– Үлкен әулетке келін болып түстім. Жолдасым сегіз баланың кенжесі. Сондықтан бұл үй – қарашаңырақ. Жазғы демалысқа үйге жан-жақтан немерелер келіп, ұлап-шулап, асыр сала ойнап жүретін. Бала көп кезде қазан-қазан тамақ пісіріп, күніне бірнеше мәрте нан жабатынымыз. Содан бері қолымнан табам түскен емес. Әлі күнге дейін далаға қиға нан көмемін. Себебі қиға піскен нанның дәмі бөлек.

Ал мына диірмен енемнен қалған дүние. Осы үйге жас келін болып түскен кезде көп нәрсені енем үйретті. Жалпы өзіміз де ауылда диірмен тартқанды көріп өстік. Осы кезде диірмен тартуды қызыма үйретіп отырмын. Табиғи өнімнің дәмі бөлек қой.

Кезінде күніне жеті сыыр саудым. Осы кезде де сыыр сауып, айран пісіп, құрт жайып отырған жайым бар. Күні кеше бір сырым бұзулап, балаларыма уыз көже пісіріп бердім. Негізі уыз көже пісіру – біздің үйдегі қалыптасқан үрдіс. Наурызкөже де пісірдім.

Самаурынмен кайнаған шайдың дәмі ерекше. Өзім күнделікті самаурынмен шай қойғанды ұнатамын. Қазір кей үйлерде тіпті самаурынды таппайсың. Мен анамның, енемнің тәрбиесін көрген жанмын. Кейде қаладағы туыстарымыз да «таба нан мен самаурынның шайын сағындық» деп келеді, – дейді Гүлзат апамыз.

## ҚОЛӨНЕРДІ АНАСЫНАН ҮЙРЕНГЕН МӨЛДІР

Ынтымағы жарасқан ауылдағы келесі кейіпкер – Мөлдір Түлебаева, балабақшада жұмыс істейді, төрт баланың анасы. Басында орамалы, ұзын етектегі қазқы нақыштағы көйлегі жарасқан, жүзі жарқын Мөлдір осы күні тігін тігумен айналысады. Мөлдір тігіншілікке арнайы бір бөлмені дайындап қойыпты. Ішіне кірсеңіз, қазақтың оюымен тігілген құрақ көрпешелер, жастықтар көз жауын алады. Тігінші қолынан шыққан дүниенің әдемілігінде мін жоқ.

– Бала кезден тігінге қызықтым. Ол кезде қуыршаққа киім тігетінмін. Негізі ісмерлік анамнан дарыған. Үлкен апам тұрмысқа шыққанда анам оның жасауын өзі тікті. Сол кезде қасында қарап отыратынбыз. Көрпе көктеуді де анамнан үйрендім.

Сөйтіп, карантин кезінде тігін тігуді қайта қолға алдым. Содан бері төрт жылға жуық уақыт болды. Бүгінде өз тұтынушыларым бар. Қаладан да, ауылдан да, әлеуметтік желідегі паракшам арқылы да тапсырыс беріп жатады. Қыз жасауын, бесік жабдығын тігемін, – дейді қолөнер иесі.



## «АТЫМДЫ 5 МЛН-ҒА ДА БЕРМЕЙМІН»

Бұл – ауыл тұрғыны Айдос Хакімұлының сөзі. Ол аттан түспейтін, жылқыны жақсы көретін азаматтың бірі.

– Өзім бала кезден атқа құмар болып өстім. Жылқы жанымға жақын болды. Атты баптап, көкпарға қосуды 2012 жылдан бастап қолға алдым. Бұл жануарға ерекше күтім керек. Балаға қалай қарау қажет? Міне, атты да солай жастайынан баптаймыз. Тіпті арасында жарыстан ауырынып қалған аттарыма жаным ауыратын сәттер де болады. Мысалы, мына атымның есімі – Джиган. Талай көкпарда жүздеген орынға ие болып жүр. Айтқанның бәрін түсінеді. Сондай ақылды жануар, – деп атын сипалап, еркелетіп қойды.

Алған жүлделерін мақтанышымен айтты. Әрине, Джиганды баптаған Айдостың да еңбегі бар. Айтпақшы, бұл тұлпар Қызылордаға танымал. Жүйрік атқа біраз көкпаршының көзі түсіп, тіпті 5 млн теңгеге де пұлдан жүр екен. Бірақ «қанша миллион берсе де Джиганды сатпаймын», – дейді атсейіс.

## БАТАГӨЙ АҚСАҚАЛ МЕН БАТЫР АНА

Қазақта «Ауылына қарап, азаматын таны» деген сөз бар. Ал біз жұдырықтай жұмылған азаматтар арқылы ауылды тани түскендейміз. Елді мекенге келгендіктен ауыл ақсақалынан бата алып қайтқанды жөн санадық.

Бүгінде бата беріп, батуалы сөз айта алатын адамның азайғанын ұят та болса, мойындаймыз. Астан кейін қол жайып, үлкендердің аз-кем күбінен кейін бет сипап тұра беретініміз жасырын емес. Дегенмен сөздің қасиеті бар деп ұққан қазақ қара сөздің қадірін біледі. Ел арасын іздесек, алтын кенішке жолығатынымыз анық. Ұлағаты мол, аузының дуасы бар қариялар кезігеді. Осындай шежіре қарияның бірі – Аманкелді Досмаханұлы. Ол – ауылдағы ардагерлер кеңесінің төрағасы. Сексеннің төртеуіне келсе де сергек.

Қарияның кәрілікке бой бергісі жоқ. Ұлағатты әңгімені де, шежірені де таңнан-таңға дейін айтуға әзір. Қариядан «қанша бата билесің?» деп сұрадық.

– Саным білмеймін. Бірақ бесіктегі сәбиден бастап, шаңырақ көтерген жастарға, отбасы тақырыбына арналған баталар білемін. Осы батаның арқасында талай байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Әр үйдің қариясы баталы болуы керек деп ойлаймын, – дейді ол. Халқына бата берумен бірге елдегі мәселелерді

оңтайлы шешуге атсалысып жүрген ақсақал ауылдағы белсенді, маңдайалды ардагерлердің бірі. Тағы бір ұстанымы, қарапайымдылықты жақсы көреді. Тәкаппарлық танытқандарды жаны сүймейді. Батагөй қария бізге «Дастархан» батасын берді.

– Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын. Дастархандарың бай болсын. Ішіп-жегендерің қазы-қарта, жал болсын. Төрт түлігің сай болсын, көңілдерің жай болсын.

Ұлдарың қонсын ұяға, қыздарың ұшсын қияға. Келінің биі атанып, ұлдарың болсын би аға, Бергеннен Алла танбасын, көбейе берсін мал басын, Өсе берсін жан басын, арманың көкке самғасын.

Досыңнан көңілің қалмасын, жағаннан дұшпан алмасын. Жортқанда жолдарың болып, жолыңды Қыдыр жалғасын. Дастарханның дәмге толып, көңілдерің сәнді болсын.

Ұрпақтарың аман болып, өмірлерің мәнді болсын, – деп батасын берді.

Ауыл ақсақалы жұбайы Назина Досмаханова екеуі 10 баланы тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлгілі отбасы. Шаңырақ көтергендеріне 60 жылдан асқан берекелі үйдегі батыр ана Назина әжегінің өңімеге тарттық.

– Осы әулетке 17 жасымда келін болып түстім. Келген үйім мал шаруашылығымен айналысады екен. Жасыма қарамай еңбекке араласып кеттім. Қазір шүкір, жаман емеспіз. Бала-шағаның ортасында арқа-жарқа боп отырмыз. Негізі баланың көп болғаны дұрыс деп ойлаймын. Санына шектеу қоймау қажет. Алла берсе, несібісемін береді. Көптік етуге болмайды, – дейді әже. Өзі айтқандай, кезінде жұмыс пен отбасын қатар алып жүрген. Еңбек етуден қашқан кезі болған емес. Жылдар бойы ауылдағы фермада сауыншы болған батыр ана. Облыстық, аудандық советтің депутаты болып, ел ісіне белсене араласты.

Көпшілікке үлгілі шаңырақ қалалық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, облыстық кезеңде «Үлгілі отбасы» номинациясын иеленген.

– «Үйлену оңай, үй болу қиын» деген. Келіндеріме, балаларыма тату болындар деп айтып отырамын. Отбасында ең бірінші сыйластық қажет, – дейді Назина әже. Берекелі отбасыдан тек қана жылылықты сезініп, Аманкелді атамыздың ақ батасын алып, жолға шықтық.



## НАУРЫЗДА ТУҒАН НАУРЫЗГҮЛ

Аты айтып тұрғандай, бұл ауылдан да Наурызбай, Наурызгүлдерді іздегеніміз жасырын емес. Наурызгүл Мырзабаева деген апамыз бар екен.

– 19 наурызда дүниеге келдім. Жетпіс жасқа толдым, шүкір. Сол кездері жұрт жиналып, наурызкөже беретін көрінеді. Анам сол наурызкөжеге барған сәтінде мені босанып қойған екен. Жасы үлкендеу келген Ерке ана деген кісі менің кіндігімді кесіп, атымды Наурызгүл қойыпты, – дейді кейіпкеріміз. Бүгінде Наурызгүл апамыз 8 шөбере сүйіп отырған ауылы әже.

Басы 1-бетте



## ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Міне, Қарауылтөбе ауылындағы ағайынның жайы осындай. Қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық құндылықты сақтаған, бірлігі бекем, тірлігі толымды, берекелі, несібелі ауылдың бары көңілге қуаныш ұялатты.

Бетті дайындаған Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ  
Суреттерді түсірген Айдана СЕЙІЛ

# ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ: күш пен қасиет тоғысқан сәт

Спортсүйер қауым тансәриден шеттегі ипподромға жиналды. Қызыл-жасыл ұлттық нақыштағы қыз, қолына садақ-жебе, асық ұстаған ұлдан аяқ алып жүргісіз. Келімді-кетімді нақтар бір-бірін мерекемен құттықтап мәре-сәре. Көкпарға енетін сәйгүліктер тыпыршып, тізгін тартқан жастар жарыс орайын ақылдасуда. Бапкерлер болса балалардың бабын тексеріп, алдын ала ақыл-көнесін айтып әлек.

Ипподром маңына екі қараша үй тігіліп, іші-сырты ұлттық нақышпен безендірілген. Жанынан өтсең, жана піскен бауырсақ пен көженің ісі мұрын жарады. Қос үйден сәл әрі көлерен бұйымдарының көрмесі әзірленіп, сырбойылық ісмерлер қатар тізілген. Мұның бәрі – дода алдындағы мәзет.

Әне-міне дегенше көп күткен шара бастау алып, ардагерлер, жаттықтырушылар, спортшылар мен сала мамандары көй көрсеті. Ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов ұлттық спорттың маңызын жеткізу арқылы аймақта атқарылған жобаларға тоқталды.

Басы  
1-бетте



«Апталықтар» колдағы



– Соңғы жылдары өңірде спорт инфрақұрылымын дамытуға көңіл бөлінуде. Мәселен, өткен жылы облыста 13 спорт кешені бой көтерсе, биыл тағы 4 нысан пайдалануға беріледі. Сондай-ақ 6 елді мекенде спорт кешенінің құрылысы басталады. Әрбір жоба Сыр өңіріндегі жастардың шынығуына және аймақтың спорт жетістігін арттыруға көмегі зор, – деді Жанмұрат Жақсымұратұлы.

Үміткерлер қол күрес, асық ату, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ, қазақ күресі секілді додада күш сынасты. Әсіресе қазақ күресі бойынша екі салмақ дәрежесінде сыныға түскен спортшылар жарыс көркім қыздырды. Қатысушылар арасында республикалық және халықаралық сайыстарда топ жарған таланттар да, жарыс жолына енді қадам басқан талапкерлер де кездесті. Бәрінің мақсаты бір. Ол – жүздеген қатарына ену.

Күш сынасқан бәсеке тартысты өтті. Бапкерлер көнесі, шуылдасқан жанкүйер қызықты атмосфера қалыптастырып, барын салған жастардың жалынды ұмтылысына куә болдық. Дегенмен жарыс талабы жалғыз жеңімпаз шығару екені анық. Бұл жолы да ережелен ауытқмай, шын мықты анықталды. Бейбарыс Сұлтан есімді жас спортшы жауырыны жерге тимей, жеңіске қол жеткізді. – Қарсыластар тәжірибелі, күші мығым болды. Әрбірімен белдесу қиынға соққанын жасыра алмаймын. Бірақ бапкерлердің көнесі және дайындық нәтижесінде жеңіс тұғырынан көрінуге мүмкіндік туды. Алдағы уақытта тәжірибені жетілдіріп, халықаралық додаларда аймақ абыройын арттырып, ел байрағын көтеруге күш саламын, – дейді жеңімпаз.

Байқағанымыз, спорттық сайысқа түрлі жастағы жерлестер қатысқан. Әсіресе тоғызқұмалақ пен ләңгі тебу бойынша сыныға түскен жасөспірім қатары көп. Көп ішінен аймақ мақтанышы, тоғызқұмалақтан республика чемпионы 12 жастағы Қасымбай Құлмұхамед те бой көрсетті. Жас талант дүбірлі доданы асыға күткенін айтып, жарыс туралы пікір білдірді.

– Туған жерде бақ сынау – үлкен құрмет. Оның үстіне Наурыз мерекесі кезінде ұлттық спорттан береке-бірлік, көктемгі тіршілік, ағайын арасындағы татулық бабымды тағы бір көрсетуге мүмкіндік туды. Алдағы уақытта ел абыройын арттырып, биіктен көрінуге күш саламын, – дейді жас спортшы.

Айта кетейік, шара барысында спорттық ойындармен қатар мерекелік қойылым, ұлттық колөнер көрмесі ұйымдастырылды. Онда салт-дәстүр жоралғылары көрсетіліп, жерлестердің қолынан шыққан бұйымдар таныстырылды. «Беташар», «Тұсау кесу», «Қой көтеру» рәсімдері, қыз-кейіншектер арасында «Үздік ұлттық киім» байқауы да көрермен көңілінен шықты.

Ұлттық спорт күніне орайластырылған шараның тағы бір қызықты тұсы – қой көтеру жарысы. Мұнда шопан ата тұқымын кім көп көтерсе, сол үйіне алып кетеді деген сөз. Жүргізуші хабарлағаны сол еді, жарысқа қатысуға ықпал танытқандар қатары көбейді. Бәрі барын салғанымен 50-ден асырып көтергендер аз болды. Туяғы буылған қойдың бұлқынуы да жеңіл көтеруге кедергі болғанын көрдік. Алайда жігер мен жүлденің көлемі шабыттандырған жігіттер ақыры үздікті анықтады. 77 рет көтерген қызылордалық Бағдат Телғараев жеңімпаз атанып, қойдың егесі болды.

– Қазақ халқы ұлттық спорт түрлеріне өте бай. Ұлттық ойындар тәрбиелік мәнге толы, оған қоса жастардың ой-санасының жетілуіне ықпалы орасан. Сондықтан береке-бірлік, көктемгі тіршілік, ағайын арасындағы татулық нышанына айналған Наурызда құндылықтың насихатталуы маңызды іс, – деді облыстық спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы Жақсыбек Егізбаев.

P.S. Тартысты бәсекеде бәсі биік болған сырбойылық жастарды атап өтейік. Жарыс қорытындысына сәйкес, қол күрес пен гир тасын көтеруден – Мейрамбек Орынбаев, қазақ күресінен – Бейбарыс Сұлтан мен Мырзабек Мұстафаев, асық атудан – Ғалымжан Әліев, ләңгі тебуден – Талғат Нарымбетов, садақ атудан Дильназ Шәкіман үздік шықты. Ал бес тастан Гүлнар Асайбулдаева жеңіске жетсе, арқан тартудан Ақуат ауылдық округі жеңімпаз атанды.

Берен ШАҒЫРОВ



Ұлт үшін Ұлыстың Ұлы күнінің орны бөлек. Көңілге қуаныш сыйлайтын мерекеледе жаныңды жадыратар ұлттық құндылықтар аз емес. Мереке күні наурыздың мәнін насихаттау мақсатында елге есімі белгілі азаматтардың мерекенің мәні турасындағы пікірін жариялағанды жөн көрдік.

## НАУРЫЗ ДЕСЕ

Руслан РҮСТЕМОВ,  
Қазақстан Республикасы Парламенті  
Сенатының депутаты:

Алтынай Молжанова, «Анаға тағзым»  
орталығының директоры:

### ЖЕР-ЖИҒАННЫҢ ЖАҒАРУ МЕРЕКЕСІ

«Ақмешіт апталығы» газеті арқылы барша жерлестерімізді ең алдымен табиғаттың жаңа түрге еніп, тіршілік атаулыға үлкен серпін берген көктемнің шадыман шаптығымен келген Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Біз жастарға Наурыз мейрамын той тойлап, мерекелеу ғана емес, ой-сананы кемелдендіру мерекесі екенін түсіндіруіміз керек.

Наурыз мейрамы – бұл дәстүрдің мерекесі, еңбектің мерекесі. Тіршілік атаулы түрленген кезде табиғатқа жанаша жан бітіп, адамдар да өзінің тіршілігін жасайды, егін егеді, бұлақтың көзін ашады, айналдасына ізгі амалдарын жасайды, қайырымдылық танытады. Міне, осының барлығы да наурызбен тікелей байланысты. Адам адамша өмір сүру үшін жанарып, жаңаша бір мазмұнға, мағынаға ұмтылады. Наурыз – жер-жиғанның жаңару кезеңі саналатыны да осы себепті болса керек-ті.

Олай болса, биыл қазақ жерінде 37-ші мәрте тойланып жатқан Наурыз мейрамы халқымызға күт-берекесімен, ырсынымағымен келсін!

Қалдырқұл ШАЙМАҒАНБЕТОВА,  
«Болашақ» университетінің аға  
оқытушысы, ардагер-ұстаз:

### БАБАДАН ЖЕТКЕН ҰЛЫЛЫҚ

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан ұлық мерекеле.

Қазақта наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқан. Оны «Наурыз-нама» деп атаған. «Бұл ән бұрынғы әнінен өзгереді» деп Шәкәрім атамыз жырлағандай, биылғы Наурыз мерекесін тойлауға ерекше мән, мазмұн, түр берілді. Мереке аясында «Наурыз-нама» деген атаумен 10 күндік белгіленді.

Мен ұлттық киім күнін тойлау туралы кеңірек айтқым келеді. «Баба» деп атайтын үлкен атам Шаймағанбет, нағашы әкем Әбдікәрім көкеміз тік жаға қойлек, тік жаға бешпент, ішік, тымдақтың жаздық, қыстық түрлерін киетін.

Бибіш, Мәрия, Тоғжан әжелеріміз кимешек киіп, қазақы кең етек қойлек, камзолмен жүретін. Олардың сырға, сақина, шашбау мен картпа білезік, қарсы ілгек сынды әшекейлерінің өзі қандай керемет еді!

Әзіміз де оқушы кезімізде анам Жүрсіннің қолынан шыққан қос етек қойлек, камзол, тақияларды киіп талай іс шараларды атқарып едік.

Ұлттық нышанымыздың бастауындай қазақы болмысымызды танытып, ұрпаққа өнеге болатын ұлттық киім күні жұртшылыққа ерекше әсер берді.

Оған «Анаға тағзым» орталығы ұйымдастырған «Брендке бір қадам» шарасы аясындағы ұлттық киімдер шеруіне көргеніміздей, мүмкіндік мол екеніне көзіміз жетті.

«Мен қазақтың» дейтін әр отбасында жас ерекшелігіне сай ұлттық нақыштағы киімдер өз орнын ала бастады. Ұлттық киімді тек Наурыз мерекесінде емес, отбасылық мерейтойларда кию дәстүрге енді.



### ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

Наурыз – жыл басы, Жер-Ананың тоны жібіп, табиғат өзгеше бір күйге енетін, қыстың ызғары қайтып, көктем шуағын төгетін уақыт. Осы бір айда сан гасырдан бері қазақпен бірге жасасып келе жатқан Наурыз мейрамы бар. Бағамдап қарар болсақ, Наурыз мерекесін бүгінде бұқара бұрынғыдай емес, асыға, қуана күтетін болған. Биыл бұл мейрамның маңызы тіпті арта түскендей.

«Наурыз-нама» бағдарламасы – тағылымы мол нағыз өнеге мектебі болмақ. Көңілге керемет сезім ұялатады. Қазір халықтың ұлттық киімге деген сұранысы да, талабы да жоғарылаған. Қай жерге барсақ та, әдемі нақыштағы заманауи ұлттық киім үлгілерін көреміз. Кереметі ұлтымыздың киімдері, көз тойып, көңіл сүйенеді. Мемлекет басшысының «Ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында, болмаса басқа мерекелерде ғана емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатын сөзсіз» деген сөзінің өзі әрбір адамның, әсіресе жастарымыздың ұлттық киімге деген қызығушылығын одан сайын арттыра түскендей.

«Анаға тағзым» орталығы 18 наурыз – ұлттық киім күніне орай креативті индустрия бағытындағы «Брендке бір қадам...» жобасы аясында «Этно FASHION» облыстық сән үлгісі фестивалін өткізді. Аймақтағы аудандардан, қаладан қатысқан 17 дизайнер қазіргі таламға сай, этностылді және ұлттық, сахналық жүздеген киім үлгілерін көпшілік назарына ұсынды. Стиль мен таламға қарай, дизайнерлер ұсынған ұлттық киімдер бір-бірінен матасы мен тілгісі, безендірілуі жағынан ерекшеленді. Мәселен, ши құрақпен безендірілген этношапан, түймелері жылқы сүйектерінен әзірленген заманауи кеудешелер, киізден тігілген шапандар және өзге де дүниелер қазақтың ұлттық өнерін паш етіп тұрғандай. Жергілікті дизайнерлер 150-ден аса ұлттық киім үлгісін көпшілік назарына ұсынды. Расы керек, ашылғанына көп уақыт болмаған орталықта мұндай шараны өткізудің өзі үлкен тәуекелге бару болды. Ең бастысы, фестиваль форматында өткен бұл шараны алдағы уақытта байқау түрінде өткізсек, ұлттық киімдер бренді қалыптастыруда дизайнер-тігіншілер арасында бәсекелестік болатынына көзіміз жетті. Он күндік «Наурыз-нама» алдағы тақырыптық күндеріне де орталықтың қосар үлесі мол болмақ.

Сәні мен салтанаты келіскен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі баршаңызға құтты болсын!

Қарлығаш Ильясова, Колөнершілер  
одағының мүшесі, «Қарлығаш» шеберлер  
орталығының төрайымы:

### РУХЫМЫЗДЫ ОЯТАТЫН КҮН

Билығы Наурыз ұлттық колөнерімізге деген бетбұрысты байқатты. Бұл дегеніңіз төл өнерді төрге шығару екені анық. Қазақ халқы өзінің ұлттық құндылығымен салт-дәстүрімен ерекшеленеді. Көңілімінен шыққаны – ұлттық киім күнінің аталып өткені. Енді болашақта ұлттық киімді наурыз мейрамында ғана киіп қоймай, күнделікті жұмыс орнында кию де дәстүрге айналғаны дұрыс. Сонда «мен қазақпын» деп мақтанышымен айтып, әр адамның көкірегінде рухы ояна керемет емес пе? Халқымызға жыл басы Өз Наурыз мерекесі құтты болсын! Еліміз аман, аспанымыз ашық болсын дегім келеді.

Сауалнаманы жүргізген  
Гуяһар ҚОЖАХМЕТОВА

Газеттің келесі саны 30 наурыз, сенбі күні шығады.

Меншік иесі:

СЫР  
МЕДИА

жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіршеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «АШ» басы үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 2973 Тапсырыс №472